

2011 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсанда N 1107 Қаулысы. Тараз қалалық Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 қаңтарында 6-1-124 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмысты ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне» сәйкес, жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұ с ы н ы с а й қ ы н д а л с ы н .

2. «Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Олжабаева) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан туындайтын қатынастарға т а р а л а д ы .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Сара Қабылбекқызы Мәдиеваға жүктелсін.

Қала әкімі

Б.Орынбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

" Ж а м б ы л

о б л ы с ы н ы ң

Әділет

департаменті"

мемлекеттік

мекемесінің

б а с т ы ғ ы

Н . Е г і н б а е в

27 желтоқсан 2010 жыл

"Жамбыл облысы Тараз қаласының
 Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы"
 мемлекеттік мекемесінің бастығы

С . М е л ь н и к о в

27 желтоқсан 2010 жыл

"Жамбыл облысы Ішкі істер
 департаментінің Тараз қалалық
 ішкі істер басқармасы"
 мемлекеттік мекемесі
 бастығының міндетін атқарушы

К . Д о с а н о в

27 желтоқсан 2010 жыл

Тараз қаласы әкімдігінің
 2010 жылғы 27 желтоқсандағы
 № 1107 қаулысына қосымша

Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

Ескерту. қосымшаға өзгерістер енгізілді - Тараз қаласының әкімдігінің 2011.04.13 № 244 (2011.04.13 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Ұйымның атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері (тенге)	2011 жыл	
					Сұраныс	Ұсыныс
1	«Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жасыл-Тараз» мамандандырылған кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Қаланы «санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыру	Аптасына 40 сағат, 12 ай мерзімге	2 5 0 0 0 жергілікті бюджет	355	355
2	«Жамбыл облысының Әділет департаменті» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 12 ай мерзімге	2 2 0 0 0 жергілікті бюджет	20	3
	«Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің Тараз		Демалыс күндерін ескере			

3	қалалық Ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Бөлімшелердің аулаларын санитарлық тазалау	отырып, күніне 8 сағат, 12 ай мерзімге	2 0 0 0 0 жергілікті бюджет	10	3
4	«Жамбыл облысы Тараз қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 6 ай мерзімге	2 0 0 0 0 жергілікті бюджет	20	5
5	«Тараз қаласы әкімдігінің білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	А у л а клубтарының жұмыстарын ұйымдастыру үшін	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 12 ай мерзімге	2 0 0 0 0 жергілікті бюджет	10	10
6	"Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тұрғын үй" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Бекітілген учаскелерінде санитарлық тазалау	Аптасына 40 сағат, 12 ай мерзімге	2 0 0 0 0 жергілікті бюджет	10	10
Барлығы:					425	386